



Сырт көзге қарағанда кітапхана ісі оңай әрі жеңіл көрінеді. Кітапхана қызметкерлері оқырмандар сұранысын қанағаттандырамын деп жүріп, өздерінің ақыл құйылған көлге қалай айналғанын да сезбей қалатын секілді. Олай дейтіміз, математик Н.И.Лобачевский Қазан университетінің ректорлығымен қатар, кітапханашылық қызметті қоса атқарса, И.А.Крыловтың да ұзақ жылдар кітапханашы болғаны белгілі. Алматыдағы Ұлттық кітапхананың тұңғыш директоры Ораз Жандосов болса, қазіргі директоры білімімен де, өмірлік ұстанымымен де басқаға үлгі болатындай біртуар азамат - Мұрат Әуезов.

Екібастұздың орталығында орналасқан қалалық кітапханаға биыл 30 жыл толып отыр. Мерейтой қарсаңында ОКК директоры Г.Степовикпен жолығып, сұхбаттасқан едік.

-Галина Григорьевна, сұхбатымызды 23 - 24 қарашада Павлодарда өткен "Кітапхана - елдің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық дамуының ресурстық орталығы" атты республикалық семинардан бастасақ,

Павлодарда өткен республикалық семинарға Екібастұздан 20 кітапхана қызметкері қатысты. Семинар "Шаңырақ" облыстық халық шығармашылығы орталығында өтті. Облыс әкімі Қ.Нұрпейісов құттықтау сөз сөйледі. ҚР - ның Мәдениет және ақпарат министрі Е.Ертсбаев баяндама жасады. Ол еліміздегі кітапханалар жұмысына талдау жасап, осы саладағы жағымды жаңалықтарды сөз етті. "Кітапхана ісі туралы" Заңды шығару қажеттілігіне, оның маңыздылығына тоқталды. Облыс әкімінің орынбасары Рысты Мағауияқызы Павлодар облысының кітапханаларының дамуына басшылық



Кітапхана

нан кейінгі жылдары кітапханаға аз көңіл бөлді. Орын алған қиыншылықтардан қалай өттіңіздер?

Рас, болмады деп айта алмаймын, қиыншылықтар болды. Бұл тұрғысында айтқым да келмейді, өйткені өткен шақты еске түсіру ауыр. Кейінірек кітап қорын толықтыруға жергілікті бюджеттен жыл сайын 300 мың теңге бөлінсе, биыл 30 жылдық мерейтойды ескеріп, 1,5 млн. теңге бөлді.

-Галина Григорьевна, орталық кітапханаға қызметке келген 1993 жыл осы ауыр кезеңмен тұспа - тұс келген секілді.

Жалпы, 90 жылдардың басында

хананың іргетасы әбден отырып, оған да жөндеу жүргізілді. 2001 жылы ОКК-ның 25 жылдығы қарсаңында кітапхана төбесіне күрделі жөндеу жүргізіліп, шатырмен жабылды. Сөйтіп, не керек "суға толған жертөледен", "төбеден тамшылаған судан" арылды. Кітапхананың төбесіне күрделі жөндеу жүргізген жеке кәсіпорын басшысының "кітапханалар жабылып қалды ма десем, сіздер әлі жұмыс істейді екенсіздер ғой" деп таң қалғаны бар.

-Қазіргі заманның ең бір қажеттілік туғызып отырған мәселесі - жаңа технологияны енгізу. Осыған

Өмірдерек

Галина Григорьевна Степовик 1948 жылы Краснодар өлкесінде дүниеге келді. 1954 жылы ағанасы Қазақстанға қоныстанады. 1967 жылы онжылдықты бітірген соң, Воронеж мемлекеттік университетіне түсіп, оның тарих факультетін тәмамдайды. 1973 жылдан бері Екібастұз комсомол жастар ұйымында белсенді қызмет атқарады. 1993 жылы орталық кітапхананың директоры қызметіне тағайындалды.

ашылды.

-Ауылдық кітапханаларға кіргенде, ондағы жинақылық пен тазалық ә дегеннен көзге түседі. Кітап көрмелері мен сөрелері тақырыпқа сай жаңаланып, жақсы безендіріледі. Енді әңгімені ауылға бұрсақ.

ЕОКЖ-де (екібастұз орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, бұдан былай ОКЖ) 26 кітапхана болса, оның 12-і ауылдық кітапханалар. 2004-2006 жылдарға арналған облыстық "Ауыл кітапханасы" бағдарламасын іске асыру мақсатымен "ЕОКЖ кітапхана қызметкерлерінің 2004-2006 жылдардағы үздіксіз кітапханалық білім беру жүйесін жетілдіру" атты бағдарламасы әзірленген. 2004 жылы Өлеңті ауылдық кітапханасында облыстық кітапхана қызметкерлерінің қатысуымен "Ауылдық кітапхананың ауылдың әлеуметтік экономикалық және рухани жаңаруындағы орны мен ролі" деген тақырыпта семинар өткізілді. Сонымен бірге, ауылдық кітапханалардың жұмысын жандандыру және олардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында 2004 жылдан бастап, ауылдық кітапханалар қалалық кітапхана

ру қажеттілігіне, оның маңыздылығына тоқталды. Облыс әкімінің орынбасары Рысты Мағауияқызы Павлодар облысының кітапханаларының дамуын баяндаса, ҚР Ұлттық кітапхана қызметкері Б.Шәймерденова өзінің “Ауыл мәдениеті” кітабына шолу жасады.

Онда №3 балалар кітапханасындағы “Мудрая сова” қызығушылар клубының “Жерімізде әділеттік пен татулық болсын” деген буклеті, №2 балалар кітапханасының іс тәжірибесін насихаттайтын “Оқырмандардың танымдығын дамытудағы экологиялық бағыт” және ОБК ның “Біздің достарымыз” деген буклеттері республикалық семинардың іс тәжірибе алмасу көрмесіне қойылды.

-Мерейтой құтты болсын. Сіз басқаратын орталық кітапхана 30 жылдығын тойламақшы екен.

Рахмет. Орталық кітапхана құрылымында абонемент бөлімі мен оқу залы бар. ОҚК Екібастұз өңірінің кітапханаларына әдістемелік және практикалық көмек көрсететін бірден бір орталық болып табылады. Кітапхана қызметкерлері қала тұрғындарын кітаппен қамтамасыз етумен қатар, кітаптың тұсауқесері, әдеби кеш, конференция, ертеңгілік, ауызша журнал, кездесу кештері секілді қызықты іс - шаралар өткізіп келеді. Көпшілікке түсінікті болу үшін айтып өтейін. Бұл - орталық қалалық кітапхананың (ОҚК) 30 жылдығы, ал келесі жылы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне (ОҚЖ) 30 жыл толады. 30 қарашада ОҚК да ашық есік күнін өткіземіз, яғни келемін деушілерге есігіміз ашық. Алдын ала айтатын болсам, орталық кітапхананың нағыз жанаашырлары қонаққа келеді деп ойлаймын.

-Кітапханалардың шешімін таппай тұрған өзекті мәселелерінің бірі - кітап қорын жаңарту және толықтыру болып табылады. Тәуелсіздік алған

секілді. қызметіне тағайындалды.

Жалпы, 90 жылдардың басында мәдениетке айтарлықтай көңіл бөлінбегенін көпшілік жақсы біледі. Соның салдарынан ауылдық клубтар мен ауылдық кітапханалар

өздерінің жұмысын автоматтандыру және олардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында 2004 жылдан бастап, ауылдық кітапханалар қалалық кітапхана филиалдарына бекітіліп берілді.

байланысты кітапхананы автоматтандыру мен компьютерлендіру ісі қалай жүргізілуде?

МАҚТАНЫШЫМ



жаппай құлдырады. Біздің мақтанышымыз, Павлодар облысы бойынша Екібастұз өңіріндегі ауылдық кітапханалардың сақталғандығы. Тіпті, бұрын кітапхана болмаған Құдайкөлде 1994 жылы ауылдық кітапхана ашылды. Кітапханашы оқырмандарға кітап берумен қатар, ондағы рухани құндылықтарды мұқият әрі таза сақтай білуі қажет. Осы тұрғыда ОҚК-да тозығы шыққан электр жабдықтарымен, жылу, су құбырларына күрделі жөндеу жүргізу кезек күттірмес проблема болды. Осы мәселе оң шешімін тапты да. Сондай - ақ, орталық кітап-

ОҚК алты компьютермен жабдықталған, әрине бұл өте аз. Облыс бойынша алғашқылардың бірі болып, кітапхана ісін автоматтандыру мен компьютерлендіруде тұрғысында “Рабис” бағдарламасымен жұмыс істеп келеміз. Осы бағдарламаға орай электрондық каталог жасалды. Оған бес жылдан бері келіп түскен жаңа кітаптар енгізілді. ОҚК туралы жергілікті басылымдарда жарияланған мақалалардың компьютерлік деректер базасы жасалып, онда 13 мыңнан астам жазбалар тізілді.

Өкінішке орай, компьютердің жетіспеушілігінен оқырмандар кітапхана ісіндегі жаңа модульдік жүйе электрондық каталог қызметін пайдалана алмай келеді. Соңғы кезде ретрожүйе жасалуда. Бұл электрондық каталогқа ескі кітаптарды енгізу дегенді білдіреді. Кітапхана ісін автоматтандыру мен компьютерлендірудің бірінші кезеңі аяқталды деп ауыз толтырып айтуға болады. Келесі жылы осы салаға жергілікті бюджеттен 3 млн. теңге бөлінбекші. Оған жаңа компьютерлер сатып алып, электрондық ақпарат залы ашылады. Сонымен бірге үстіміздегі жылдың қыркүйек айында сайт

Екібастұз, Комсомол, Сарықамыс, Қарасу, Төртүй, Олеңті, Бозшакөл, Төртқұдық ауылдарындағы ауылдық кітапханалардың жұмысына көңілім толады.

-Барлық мәселелерді қамтып келіп, мемлекеттік тілді дамыту саясатына бұрылмай кету мүмкін емес. Осы жөнінде не айтар едіңіз?

ОҚК-да іс қағаздары екі тілде жүргізіледі. Оның ішінде, мемлекеттік тілді меңгеруге айрықша көңіл бөлінеді. Қазақ тілінің мұғалімі - жоғары білімді маман. 2002 жылдан бастап, мемлекеттік тілді үйрену курсы үзбей жүргізіліп келеді. Арнайы жабдықталған қазақ тілінің кабинеті бар. Жалпы, Екібастұз өңіріндегі 26 кітапхананың барлығы да қала мен ауыл тұрғындарына екі тілде жоғары қызмет көрсете алады. Өйткені, олар мемлекеттік тілді жетік меңгерген, арнайы білімі бар мамандармен қамтылған.

-Галина Григорьевна, кітапхана ісі сізді несімен қызықтырады. Жастар ұйымында қызмет атқарып жүріп, осы салаға келгеніңізге өкінбейсіз бе?

Жоқ, өкінбеймін. Біріншіден, университетте кітапхана ісі деген арнайы курс жүргізілді. Екіншіден, өткен жылы Алматыда республикалық кітапхана қызметкерлерінің білімін жетілдіру курсына дәріс алдым. Оның бергені көп болды. Үшіншіден, қаламыздағы орталық кітапханада жұмыс істейтінімді мақтан тұтамын. Қысқасы, жетістігімізді көріп, алдағы күнге жоспар құрсақ, осалдығымызды сезініп, оны жоюға тырысып келеміз.

-Әңгіменізге рахмет.

Сұхбаттасқан П.Есенбай